КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 шілде №2301-24-00-2/1450 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BEK Industry Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Г.А.Алматова
Жауапкер өкілі К.Хайруллин

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №12053777-1 «Коррозияға қарсы жабындарды жағу бойынша жұмыстарды сатып алу» конкурсы өткізілген.

Аталған конкурсқа өтінімдерді қабылдаудың аяқталу мерзімі 2024 жылғы 26 сәуірге дейін деп белгіленген.

Ашу хаттамасының негізінде әлеуметті өнім беруші ретінде жеке кәсіпкер Аманиязов, «Парасат Строй Компани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «BEK Industry Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Райыс» толық серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «AG Disinfection services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өтінім берген.

«Коррозияға қарсы жабындарды жағу бойынша жұмыстарды сатып алуды» жүзеге асыру негізінде әлеуетті өнім берушіден қойылатын біліктілік

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талаптарының материалдық ресурстары бөлігінде «Дизельды компрессор меншікті немесе жалға алынған» туралы ақпарат сұратылған.

Алдын-ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес жауапкермен «Атырау қалалық әкімділігі, қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мөрі қойылған «Компрессор Comp Ais c 140 – 90», 2013 шығарылған, мемлекеттік нөмірлік белгісі E553AHD, 18.02.2019 Ж. №АСУ №001616 техникалық паспорты ұсынылған.

Аталған біліктілік талаптары бойынша берілген мәліметтеріне нақтылаудың нәтижесінде «Атырау қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен 2024 жылғы 3 мамырдағы №06-02-07-02/409 хатымен «Компрессор Comp Ais c 140 – 90», 2013 шығарылған, мемлекеттік нөмірлік белгісі E553AHD, 18.02.2019 Ж. №АСУ №001616 техникалық паспорты Атырау қаласында тіркелмегендігі туралы ақпарат ұсынылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жалған құжаттар тіркелгенін, осыған байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюды мойындамай, қарсы пікірдің уәждерін қолдап, ұсынылған құжаттарды «Атыраугаз LLP» ЖШС-і келісім-шарт негізінде дайындағанын, жолдағанын, сол себептен бұл жерде жауапкердің кінәсі жоқ екендігін, сонымен қатар, квалификациялық талаптарына сәйкес компрессор жөнінде құжаттардың көрсетілмегенін, аталған бұл жағдайдан талап қоюшыға жағымсыз салдар, залал келтірілмегенін айтып, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 11-бабының 1 тармағына сай, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі. Ал 2 тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Заңның 27-бабының 5-тармағының 2-тармақшасына сәйкес және Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алуды

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024

2301-24-3-1/1527

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жүзеге асыру қағидаларының 228-тармағыныг 4-тармақшасына сәйкес «Заңның 27-бабы 5-тармағына сәйкес біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысу өтінімдерінде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына жер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғандай, «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №12053777-1 «Коррозияға қарсы жабындарды жағу бойынша жұмыстарды сатып алу» конкурсы өткізілген.

«Атырау қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 3 мамырдағы №06-02-07-02/409 хатына сәйкес жауапкердің «Компрессор Comp Ais c 140 – 90», 2013 шығарылған, мемлекеттік нөмірлік белгісі E553AHD, 18.02.2019 Ж. №АСУ №001616 техникалық паспорты Атырау қаласында тіркелмегендігі анықталған.

Жауапкер өкілінің конкурсқа қатысу барысында құжаттарды жинау «Атыраугаз LLP» ЖШС-не тапсырылғандығын, сол себепті «BEK Industry Group» ЖШС-нің кінәсі жоқ екендігі туралы уәждері сотпен негізсіз деп танылады, өйткені әр конкурсқа қатысушы тарап ұсынылған құжаттарына және берген мәліметтердің анықтығына, Заң талаптарына сәйкес, өзі жауап беруге тиісті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «BEK Industry Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«BEK Industry Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«BEK Industry Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024

2301-24-3-1/1527